

« Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндетін атқарушы
Б.Қ.Самылтыров
« 27 » қараша 2023ж

**«Амангелді Имановтың ерліктеріне композициялық үздік
иллюстрация» атты аудандық сырттай сурет байқауын өткізу туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Амангелді Имановтың ерліктеріне композициялық үздік иллюстрация» атты аудандық сырттай сурет байқауының (әрі қарай- Байқау) Ережесі оның мақсатын , міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.
2. Байқаудың негізгі мақсаты- оқушылардың отансүйгіштік , патриоттық сезімдерін арттыру, батырдың ерліктері туралы танымдық көзқарастарын қалыптастыру.
Міндеттері:
 - Жас ұрпақтың бойында туған еліне, Отанына патриоттық сезімдері туралы түсінікті қалыптастыру;
 - Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру арқылы танымын, көркемдік талғамын қалыптастыру;
 - Өнердің түрлі техникасында жұмыс істеуге , сурет өнерінің сиқырлы әлеміне баулу.
3. Байқау Амангелді Имановтың 150 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары аясында өткізіледі.
4. Байқаудың ұйымдастырушылар қазылар алқасымен ұйымдастыру комитетінің құрамы жасайды.

2. Өткізілетін орны мен уақыты

5. Аудандық байқау 2023 жылдың 28 қараша күні өткізіледі.
6. Тапсырыстар және байқау жұмыстары 2023 жылдың 27 қараша күнінен кешіктірмей жолдануы қажет.
7. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық кезеңдегі іріктеуден өткен жүлделі жұмыстар жіберіледі. Сұраныстар мекеме басшылары қолымен рәсімделеді. Қатысушылардың жұмыстарын аудандық білім бөлімі көркем-эстетикалық пәндерінің әдіскері Н.Р. Дархамбекова қабылдайды.

3. Қатысушылар

8. Байқауға жалпы орта мектептің 5-9 сынып оқушылары қатыса алады.

4. Жұмыстың мазмұндылығына

9. Ұсынылған оқушылардың суреттері байқау мақсаттарына, міндеттеріне, тақырыптарға сәйкес келуі тиіс.

10. Оқушылардың жұмыстарына қойылатын талаптар:

а) сурет байқауына қатысу үшін А4 пішінді көлемнен кем болмайтын, бейнелеу өнерінде қолданатын материалдармен, түрлі техникада орындалған жұмыстар қабылданады.

ә) суреттер эстетикалық талапқа сәйкес безендірілген, сапалы болуы керек.

б) әр суреттің бұрыштамасында мемлекеттік немесе орыс тілдерінде тегі, аты, жасы, жылы, мекеме атауы, ауданы жазылуы қажет.

г) гуашь, акварель, қарындаш, фломастер және т.б. әртүрлі техникада орындалған суреттердің түп-нұсқалары қабылданады.

11. Жұмыстың бағалау критерийлері:

- жарияланған тақырыптың мазмұнына сәйкестігі, тақырыптың ашу деңгейі;

- шығармашылық талғамы, композициясы, техникасы. сапалық және эстетикалық талапқа сәйкестігі;

- материалдың бейнелігін, түпнұсқалылығын және көркемдік мәнерлігін көрсету.

5. Байқауды өткізудің шарттары мен талаптары

12. Байқауды өткізу мен дайындау бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру мен іске асыру үшін аудандық ұйымдастыру комитеті құрылады.


13. Жоғарыда аталған талаптар бұзылған жағдайда байқауға ұсынылған жұмыстар қарастырылмайды және байқауға қатыса алмайды.

14. Ұсынылған жұмыстарға пікір жазылмайды.

6. Байқаудың нәтижесін қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқау қорытындысы жас санаттары бойынша хаттамамен рәсімдейді.

16. Байқау жеңімпаздары әрбір жас санаты бойынша дипломдармен марапатталады.



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА


Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 23.11.23 жылдың №01-03/678 санды шығыс хатына сәйкес, Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай **2023 жылы 28 күні 5-9 сынып оқушылары арасында «Амангелді Имановтың ерліктеріне композициялық үздік иллюстрация»** атты сырттай байқауының өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын оқушылардың сұраныстары мен жұмыс материалдары **2023 жылы 27 қараша** күнінен кешіктірмей аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2бет (Байқау ережелері).

Басшының м.а



Б.Самылтыров

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 87028862370